

МРНТИ 16.21.33

Ельчибеков Б.,¹ Рауандина А.,² Елікбаев Б.³

¹ Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

² Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

³ М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Шымкент, Қазақстан

ТІЛ БІЛІМІ САЛАСЫНДА МӘТІН ЛИНГВИСТИКАСЫНЫҢ ПӘН РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада автор өткен ғасырдың екінші жартысында тіл білімі саласында орнаған пәнаралық мәселелер мен мәтінді филологиялық талдауда туындаған жағдайларға байланысты мәтін лингвистикасының пайда болуы мен оның ғылыми-спецификалық пән ретінде қалыптасу тарихын қарастырады. Көркем шығарма мәтінінің тілдік бағытта зерттелу тарихы баяндалып, тіл білімі саласындағы даму үдерісі сөз етіледі. Отандық және шетел тіл білімі саласында осы бағытта жасалып жатқан ғалымдардың еңбектеріне тоқталып, олардың бұл салада жасаған өзіндік жетістіктері бағаланады. Ана тілінің ұлт болашағы мен болмысын, мәдениетін қалыптастырудағы рөлі қарастырылып, көркем әдебиет тілінің мағыналық, эстетикалық қызметін тану келешек жас ұрпақтың тағдырына, ел болашағына әсер ететіндігі, оқушылардың тілдік, логикалық, мәдени және интеллектуалдық сатыда дамуына септесетіндігі жайлы айтылады.

Түйін сөздер: көркем шығарма, тіл білімі, ана тілі, мәтін, мәтін лингвистикасы, зерттелуі, қалыптасуы, оқу пәні

Yelchibekov B.,¹ Rauandina A.,² Yelikbaiev B.³

¹South-Kazakhstan State Pedagogical University,
Shymkent, Kazakhstan

²Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

³South-Kazakhstan State University by name M.Auezov,
Shymkent, Kazakhstan

FORMATION OF TEXT LINGUISTICS IN THE FIELD OF LINGUISTICS

Abstract

The author in this article considers the history of the formation of text linguistics as a scientific discipline in the field of linguistics, in connection with the emergence of intersubject situations in the study of the text of literary works at the turn of the last century. The article deals with the history of research of the text of a literary work in the linguistic direction and its further development in the field of linguistics. It also examines the scientific works and their features of domestic and foreign scientists in this area. Examines the role of language in shaping identity, culture and future of the people, and explained that acknowledge the value and the aesthetic function of language affects linguistic, logical, intellectual, and cultural aspects of life of the young generation, as well as the fate and future of the people as a whole.

Keywords: a work of art, linguistics, native language, the text, text linguistics, learning, development, educational subject

Ельчибеков Б.,¹ Рауандина А.,² Еликбаев Б.³

¹Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,
Шымкент, Казахстан

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

³Южно-Казахстанский государственный университет имени М.Ауезова,
Шымкент, Казахстан

СТАНОВЛЕНИЕ ЛИНГВИСТИКИ ТЕКСТА В СФЕРЕ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

Аннотация

Автор в данной статье рассматривает историю становления лингвистики текста как научной дисциплины в сфере языкознания, в связи с возникновением межпредметных ситуации в изучении текста литературных произведениях на рубеже прошлого века. Рассматривается история исследования текста художественных произведениях в лингвистическом направлении и дальнейшее ее развитие в сфере языкознания. А так-же рассматриваются научно-обоснованные труды и их особенности отечественных и зарубежных ученых в данном направлении. Рассматривается роль языка в формировании самобытности, культуры и будущего народа, и дается пояснение о том, что познание значимости и эстетической функции языка влияет на языковые, логические, интеллектуальные и культурные аспекты жизни молодого поколения, а так-же на судьбу и будущее народа в целом

Ключевые слова: художественное произведение, языкознание, родная речь, текст, лингвистика текста, изучение, становление, учебный предмет

Кіріспе. Ана тілі – ұлт болашағының, болмысы мен тарихының, мәдениеті мен тәлім-тәрбиесінің азбайтын қоры. Келешек буын жас ұрпақтың не оқитындығы, нені естіп көретіндігі, қандай тілдік ортамен қарым-қатынас жасайтындығы оның болашақ тағдырына, ел болашағына әсер етеді, оқушылардың тілдік, логикалық, мәдени және интеллектуалдық сатыда дамуына септеседі.

Көркем әдебиет тілі қазақ тілінің өзге де функционалдық стиль түлерінен ерекше эстетикалық қызметімен ажыратылады: сөйлеу тілі коммуникативтік функция қызметін жүзеге асырса, ғылыми және ресми тіл баяндау, хабарлауды, ал көркем әдеби тіл стилі оқушы мен тыңдаушыға эмоционалды, бейнелі, яғни эстетикалық әсер ету функциясын атқарады. Көркем шығарма тек талданып қана қоймайды, сонымен қатар ішкі жандүниеміз арқылы эмпирикалық сезімде өткен оқиға ретінде әртүрлі деңгейде қабылданады, сондықтан көркем шығарма тілі айналадағы әдемілікті, ондағы қайталанбас ғажап құбылыстарды суреттеу арқылы эмпирикалық сезімге әсер етеді. Ғылым қара сөзбен жазылып, адамның логикалық, когнитивтік, креативтік қабілеттерінің қалыптасуына ықпал етеді, оқушыны білсем, көрсем, ұғынсам деген ізденуге жетелейді. Ғалымдар ұғыммен ойланады, оны сараптайды, алжазушылар мен ақындар образдар арқылы қиялданады. Біріншісі - ақылға салып талдайды, дәлелдейді, ғылым нәтижесін ұсынады, ал екіншісі - бейнелейді, көрсетеді, сөзбен сурет салады.

Көркем шығарма мәтінін зерттеу - филологияның маңызды міндеттерінің бірі, бұл мәселе көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылды, өйткені мәтін - әдебиеттанудың да, тіл білімінің де негізгі зерттеу нысаны болды. Бұл пікір филология ішінде көркем мәтінді талдаудың әдебиеттанымдық және лингвистикалық аспектілерн айқындайды: мәтінді әдебиеттанымдық талдау көркем әдеби туындылардың тақырыптық-идеялық мазмұнын зерттеуге, сонымен қатар оның жанрлық және композициялық ерекшеліктерін қарастыруға бағытталған болса, ал көркем мәтінді лингвистикалық анализ жасау мәтіннің стильдік және стилистикалық өзіндік ерекшеліктерін қалыптастыруда қызмет атқаратын тілдік құралдарды зерттеуге негізделді. Бұл мәселеге қатысты ғалым Л.Г. Бабенко: «Әдебиеттану мен лингвистиканың бұл қарама-қайшылығы көркем мәтінге анализ жасаудың екі бағытында көрініс тапты: біріншісі – мәтіннің тақырыптық-идеялық мазмұнын жүзеге асыратын сөзден мазмұнға бағытталған жол, ал екіншісі – тілдік құралдардың мәтіннің тақырыптық-идеялық мазмұнындағы қызметі мен рөлін анықтау мақсатындағы толыққанды анализіне бағытталған жол» [1, 4],– дейді.

Осылайша, көркем мәтінді талдауды әдебиеттанымдық және лингвистикалық аспектілерге бөлу филологиялық талдаудың бағыттарын айқындады. XX ғасырдың екінші жартысында тіл білімінде орнаған пәнаралық мәселелер мен мәтінді филологиялық талдауда туындаған жағдайларға байланысты мәтін лингвистикасының филологиялық пән ретінде қалыптасуы бұл мәселелерді шешудің оңтайлы мүмкіншіліктерін ұсынды.

Негізгі бөлім. Мәтін - әдебиеттанымдық, тілтанымдық, тарихи, мәдени, психологиялық, философиялық аспектілерден тұратын күрделі тілдік жүйе. Еліміздің жоғары оқу орнындарында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің болашақ мұғалімкелешек жас ұрпақты ана тілін практикалық деңгейде еркін қолдануға үйрету және тілдік құбылыстарды дұрыс түсіндіру үшін тіл теориясы жайлы терең де жан-жақты білім алуы тиіс. Бұған, көбіне, «Мәтін лингвистикасы» курсы септеседі, бұл пән Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының филология факультеттерінің оқу бағдарламасына енгізілген. Кезінде академик Л.В. Щерба болашақ орыс тілі және орыс әдебиеті мұғалімдерін орыс жазушыларының және орыс ақындарының көркем туындыларын оқып, түсініп, бағалауға үйретуде бұл курстың филология факультеттеріне қажеттігі жөнінде айтып өткен [2, 26].

Бүгінде мәтін лингвистикасы - ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыдан жүйеленіп қалыптасқан лингвистика саласы, оқу пәні. Бұл лингвистикалық сала мәтін және оның құрылымын, категориялары мен тілдік бірліктерін, сондай-ақ көркем мәтінді құру, талдау, жүйелеу әдістері мен тәсілдерін зерделейді. Мұнда мәтіннің өзіне тән мәні мен болмысы, ерекшеліктері, шындық болмыстың мәтінде бейнеленуі, мәтіннің түзілу ерекшелігі, оны қабылдаудың сипаты, мәтіндегі автор мәселесі және өзге де маңызды жайттар зерттеліп қарастырылады. Мәтін лингвистикасының қалыптасуы тіл білімі салаларымен (лексикология, семасиология, морфология, синтаксис, стилистика) бірге лингвистикалық емес ілімдермен (философия, логика, психология, этика) де байланысты. Мәтін лингвистикасы тіл білімі саласында жиырмамыншы ғасырдың алпысыншы-жетпісінші жылдары пайда болды. Кезінде бұл сала Э. Бенвенист, В. Скаличка, С.И. Карцевский, В. Матезиус, Ш. Балли, В.В. Виноградов, З. Харрис сынды танымал ғалымдардың еңбектерінің негізінде қалыптасқан [3].

Ал М.Н. Кожина, В.В. Одинцов, Д.Н. Шмелеваның мәтіннің функционалды-стилистикалық ерекшеліктерін зерттеуге арналған еңбектері, сонымен қатар Г.А. Золотова, В.Матезиус, У.Чейф, М.Холлидейдің оқытудың негізгі теориясы жайлы еңбектері мен Е.С. Кубрякова, Л.Н. Мурзин, Е.А. Земскаяның деривация теориясы жайлы еңбектері мәтін лингвистикасының жетілуіне өлшеусіз үлес қосты.

Осы уақыт аралығында мәтін лингвистикасы жеке ғылыми пән ретінде қалыптасудың күрделі жолын өткерді. Қазіргі кезде оның зерттеу нысандары айқындалып, тілдік жүйе мен тілдік әрекет барысындағы мәтін құру заңдылықтары, мәтіннің негізгі тексттік бірліктері мен мәтін категориялары анықталды, мәтінді оның жанрлық және мәдени ерекшеліктері тарапынан қарастыру қажеттілігі жайлы негізгі ұғымдар қалыптасты.

Мәтін - мәтін лингвистикасы мен оның практикалық курсының, мәтінді лингвистикалық талдау және әдебиеттанудың ортақ зерттеу объектісі. Дегенмен әдебиеттануға қарағанда мәтін лингвистикасының зерттеу аясы кеңірек, өйткені мәтін лингвистикасының зерттеу аясында тек көркем шығарма ғана емес, барлық сөйлеу шығармалары қамтылады және көркем мәтін мәтін тудырушы тілдік элементтердің комбинациясы тұрғысынан зерттеледі. Мұнда тілдік қарым-қатынас құбылыстары, олардың мәтін ішіндегі даму өрісі зерттеліп, мазмұндық тұрғыда тақырыптық-идеялық және эстетикалық деңгейде бейнеленуі, ал айтылымдық тұрғыда мәтін құрамындағы тілдік бірліктердің коммуникативтік қызметі зерделенеді. Бұл тұрғыда мәтін лингвистикасы әдебиеттану ғылымымен зерттеу нысандарының ұқсастығы мен ішінара ортақтығына орай ұштасады. Әдебиеттану ғылымы көркем мәтінді идеялық мазмұны, эстетикалық құндылығы, жанрлық ерекшеліктері, композициялық ұйымдастырылуы тарапынан қарастырады. Нақтырақ айтқанда, мәтін лингвистикасында тілдік талдау формадан мазмұнға, ал әдебиеттануда мазмұннан формаға қарай жылысады: тіл маманы көркем мәтінді көбіне тілдік талдаумен ғана шектелсе, яғни зерттеудің имманенттік әдісін қолданса, әдебиеттанушы негізінен мәтіннің тарихи, әлеуметтік, философиялық аспектілеріне экскурс жүргізеді, яғни көбіне зерттеудің проекциялық әдісін қолданады. Тіл білімінде мәтін, бірінші кезекте, оқырман (адресат) тұрғысынан, ал әдебиеттануда, ең алдымен, автор (адресант) тарапынан талданады.

XX ғасырдың жетпісінші жылдары тіл білімі саласында мәтін лингвистикасының құрылуы мен дамуы мәтіннен гөрі анағұрлым кең ұғым болып табылатын дискурсты зерттеуге бағытталған

лингвистикалық функционализмнің қалыптасуымен байланысты еді. Ғалымдар мәтін лингвистикасы аясында тілдің грамматикалық құрылымын қарапайым сөйлемнен гөрі анағұрлым күрделі бірліктердің аясында зерттеуге тырысты. Мәтін лингвистикасының зерттеу нысандарын қарастыра келе, ғалым Л.А. Новиков көркем мәтінді лингвистикалық талдаудың зерттеу аясы тілдің қарапайым грамматикалық құрылымынан гөрі анағұрлым кең екендігін айтты. Мұнда тілдің эстетикалық қызметін көркем әдебиетті жасаудың бастапқы элементі ретінде зерттеу және көркем әдеби туындылардың композициялық құрылымын қарастыру тіл білімінің зерттеу құзыреттілігіне жатқызылған [7, 11].

Көркем туындыны толыққанды терең әрі жан-жақты түсіну үшін оқырманнан мәтінді талдау түрін жетік меңгеріп, оны ғылыми, мәдени сапада біршама жетік білуін қажет етеді. Бұл, өз кезегінде, әдеби шығарманың шынайы, көркем табиғатын тануға септеседі. Көркем әдебиет сөз арқылы жасалады, көркем ойды бейнелейтін тіл құралдарының эстетикалық қасиетін ашу, сыры мен сынын түсіну бағытында аз жұмыстар жасалған жоқ. Оның негізі А.А. Потебня, С.М. Пешковский, Л.В. Шерба, Г.О. Винокур, В.В. Виноградов сынды ғалымдардың еңбектерінен бастау алды. Кезінде академик Л.В. Шерба мектептер мен гимназияларда әдебиет пәнін оқытудың жайына көңілі толмай, өз сабақтарында әдебиетті талдаудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолданған еді. Оны: «Әдеби шығармалардың идеялық және сонымен байланысты эмоциялық мазмұнын бейнелейтін тілдік құралдарды ашып көрсету» деп түсіндірді. Оның пікірінше, көркем мәтінді талдау әдістемесін тілшілер де, әдебиетшілер де бірдей дәрежеде меңгертуі тиіс. Өйткені көркем шығарма тілін түсіндіруді тар тілдік шеңберде қарастыруға, немесе шығарманың идеясы туралы интуитивтік жүйеде тек жайдақ пікір айтып ұғындыруға да болмайды. Көркем мәтін аяқталған біртұтас күрделі құрылым ретінде қаралады. Оның эстетикалық тұрғыдан ұйымдасқан тілдік формасы мәтіннің идеялық және көркемдік мазмұнын бейнелейді. Осы салада еңбек еткен көптеген зерттеуші ғалымдар мәтіннің туындау және қабылдануы үшін маңызды экстралингвистикалық қасиеттерін зерттей келе, алынған нәтижелерді ескеріп, көркем мәтінді әдебиеттану мен лингвистикалық тұрғыдан бірлестікте қарастыру қажеттігі жөнінде пікір айтты.

Мәтін - жазбаша байланыстырып сөйлеуге үйретудің негізі, «жазуәрекеті жеке сөз бен сөйлемдерден ғана тұрмайды, ол бір-бірімен логикалық және грамматикалық байланысқа түскен сөйлемдер бірлігі болып табылатын тұтас мәтіннен тұрады» [4, 23]. Мәтіннің негізгі белгілерін анықтауда ғалымдардың пікірлері әртүрлі. Кейбір ғалымдар ауызша және жазбаша сөйлеу формаларын мәтін деп атаса, көпшілігі тек жазбаша сөйлеу нәтижесін мәтінге жатқызады. Алайда мәтіннің бөлшектенуін, мағыналық тұтастық және құрылымдық байланыс сияқты белгілерін барлық зерттеуші ғалымдар мақұлдайды. Мәселен, Г. Смағұлова мәтіннің белгілі бір құрамнан тұратынын айта келіп, «Мәтін - тіл жүйесіндегі өзінің мәні мен болмысына сай, сөйлемдердің жай ғана тізбегі емес, мағыналық-құрылымдық күрделі тұлға. Ол - логикалық, грамматикалық, байланыстарға негізделген, тиянақты мазмұнға ие біртұтас қарым-қатынастар бірлігі», - деп анықтайды [5, 9].

Мәтін - тіл оқыту барысында үлкен орын алатын оқыту нысаны. Мәтіннің қызметін таныту - оқушыға тіл бірліктерін функциональдық тұрғыдан танып білуге, сол арқылы оқушының логикалық ойлауы бірізді қалыптасуына мүмкіндік береді. Өйткені мәтінде тіл бірліктері (сөз, сөз тіркесі, сөйлем) тегіс қатысады. Сондай-ақ мәтін стильге қатысты да танылады, сондықтан мәтінмен жұмыс істеу әдістемесіне стилистикалық бағыттағы жаттығу жұмыстары да енеді. Лингвист ғалым Е.С. Кубрякова тіл білімі саласында мәтін лингвистикасының пайда болуын «жаңа ғылыми парадигманың туындауы, яғни құрылымдық жүйелеуші бағыттан мәтінді тіл қызметі аясында қарастыруға мүмкіндік беретін функционалды лингвистикалық бағытқа көшу» [9, 50], - деп санады.

Барлық мәтіндер, ең алдымен, лингвистикалық нысан болып табылады. Сондықтан да мәтіндердің типологиясы лингвистикалық тұрғыдан танылуы қажет. Лингвистикалық типологияның негізіне лингвистикалық дифференциация алынады. Оның өзі мәтіннің түрін, формасын, жанрлық-стилистикалық ерекшеліктерін, жүзеге асырылу шарттары мен тәсілін білдіреді. Сонда мәтіннің белгілеріне (әдістемелік тұрғыдан келгенде) мыналар алынады: 1) сөйлеу түрі; 2) сөйлеу формасы; 3) сөйлеу стилі; 4) жанры; 5) сөйлеудің функциональдық-мағыналық типі (сөйлеу тәсілі); 6) сөйлеудің эмоционалдығы мен экспрессивтілігі. Дәлірек айтқанда, біріншісінде сөйлеудің ауызша және жазбаша екендігі қарастырылады - ауызша мәтін уақытпен байланысты болса, жазбаша мәтін кеңістікпен байланысты. Ауызша мәтіндер - синтаксистік құрылымы жағынан жазбашаға қарағанда анағұрлым қарапайымдау, эллипсистігі мол, мағыналық құрылымы нақтылы келіңкіремейтін экспрессивтік элементтері мол болып келетін мәтіндер.

Мәтіннің тағы бір маңызды белгісі - оның эмоционалдық бояулылығы. Бұл жағынан, ғалымдардың пікірінше, мәтіндер: а) ресми, ә) ресми емес, б) бейтарап болып бөлінеді. Экспрессивті мәтіндер өз ішінде: 1) экспрессивті-стилистикалық белгілері бар және 2) бейтарап мәтіндер болып бөлінеді. Осының ішінде, экспрессивтік-стилистикалық белгісі бар мәтіндерге: көркем, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, ғылыми (пікірталастар), құттықтау, қарсы алу сөзі сияқты ресми мәтін түрлері жатады. Ал «бейтарап» мәтіндерге: ғылыми, ресми іс қағаздар, публицистикалық стильдің кейбір жанрлары хроника жатады. Әдістемеші-мамандар әдістемелік тұрғыдан мынадай етіп бөлуді ұсынады: 1) оқуға; 2) тыңдауға; 3) ауызекі сөйлеу тілін дамытуға; 3) жазба сөйлеу тілін дамытуға арналған мәтіндер. Жазбаша мәтінде оны құраушы бірліктердің арасындағы байланыстырушы элементтер айқын білініп, формальді көрсеткіштері мүмкіндігінше толыққанды болуға, логикалық ой желісі үзілмей сақталып отыруға, лексикалық құнарлылығы терең болып, басқа да тілдік формалардың мол болуына мүмкіндік беретіндей күйде жасалады.

Қорытынды. Қазақ тілін оқыту мәселелерін зерттеуде қазақ халқының көрнекті ғалымы Ахмет Байтұрсынұлы оқушы назарынан тіл бірлігінің маңызды табиғаты тыс қалмауы керектігі жөнінде пікір айтады [6]. Тілдік таңбалардың мағыналық тұтастығынан тұратын мәтін бірлігі мен оның құрылымдық ерекшелігіне талдау жасау аса қажет. Мәтінді лингвистикалық талдау - кең ұғым. Ол, біріншіден, мәтінді тілдік талдауды жүзеге асырудың атауы ретінде қолданылса, екіншіден, оқу пәнінің және тіл білімінің жеке бөлімін айқындау үшін қолданылады. Мәтін түрлі деңгейдегі тілдік бірліктердің қызмет ету аясы бола отырып, тілдік жүйенің барлық бірліктерінің өзара қарым-қатынасқа түскен сұлулық пен үндестікке толы құбылысының формасы болып табылады. Мәтінді тілдік талдау әдістерін қолдану ана тілінің сарқылмас қорын, әдебиетін, мәдениетін тануға мүмкіндік береді. Жас ұрпақтың дүниетанымдық, рухани және адамгершілік қасиеттерін жандандырып, олардың азаматтық борышын, сана-сезімін қалыптастыруға, отандық және әлемдік мәдениетті ана тілінің эстетикалық қарымдылығы арқылы танытуға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Бабенко Л.Г. *Филологический анализ текста*. М.: Академический Проект, Деловая книга, 2004. — 464 с. — ISBN 5-8291-0431-8, 5-88687-153-5. — кітап.
- 2 Щерба Л.В. *Языковая система и речевая деятельность*. Ленинград. Издательство «Наука», 1974. — 428 с. — кітап.
- 3 *Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі* - Алматы. «Сөздік-Словарь», 2005. ISBN 9965-409-88-9. — сөздік.
- 4 Гиндин С.И. *Внутренняя организация текста: Элементы теории и семантический анализ*. Автореф. дисс. канд. филол. наук: 10.02.19. М., 1972.—23 с. - автореферат.
- 5 Смағұлова Г.Н. *Мәтін лингвистикасы. Оқу құралы*, -Алматы: Қазақ университеті, 2002. -112 б. - кітап.
- 6 Байтұрсынұлы А. *Тіл тағылымы*. Алматы. «Жазушы» баспасы, 1992. - 448 б. - кітап.
- 7 Новиков Л.А. *Художественный текст и его анализ*. Москва. Издательство «Наука», 1988. — 300 с. — кітап.
- 8 Тураева З.Я. *Лингвистика текста: учебное пособие*. Москва, издательство «Просвещение», 1986. — 127 с. — кітап.
- 9 Кубрякова Е.С. *О связях между лингвистикой текста и словообразованием*. Москва. Издательство «Прогресс», 1983. — 448 с. — кітап.
- 10 Сыздықова Р., Шалабаев Б. *Көркем тексті лингвистикалық талдау*. — Алматы: Мектеп, 1989. - 128 б. — кітап.

References:

- 1 Babenko L.G. *Filologicheski analiz teksta*. M.: Akademicheski Proekt, Delovaia kniga, 2004. — 464 s. — ISBN 5-8291-0431-8, 5-88687-153-5. — kitap.
- 2 Şerba L.V. *İazykovaia sistema i rechevaia deiatelnöst*. Leningrad. İzdatelstvo «Nauka», 1974. — 428 s. — kitap.
- 3 *Til bilimi terminderiniiñ tüsındırme sözdıgı* - Almaty. «Sözdık-Slovär», 2005. ISBN 9965-409-88-9. — sözdık.
- 4 Gindın S.İ. *Vnutrennaia organizasia teksta: Elementy teorii i semanticheski analiz*. Avtoref. diss. kand. filol. nauk: 10.02.19. M., 1972.—23 s. - avtoreferat.
- 5 Смағұлова Г.Н. *Mätin lingvistikasy. Oqu qūraly*, -Almaty: Qazaq universiteti, 2002. -112 b. - kitap.
- 6 Baitürsynuly A. *Til tağylymy*. Almaty. «Jazuşy» baspasy, 1992. - 448 b. - kitap.

7 Novikov L.A. *Hudojestvennyi teks i ego analiz*. Moskva. Izdatelstvo «Nauka», 1988. – 300 s. – kitap.

8 Turaeva Z.Īa. *Lingvistika teksta: uchebnoe posobie*. Moskva, izdatelstvo «Prosveşenie», 1986. – 127 s. – kitap.

9 KubrĀkova E.S. *O svĀzĀh mejdu lingvistikoi teksta i slovoobrazovaniem*. Moskva. Izdatelstvo «Progres», 1983. – 448 s. – kitap.

10 Syzdyqova R., Şalabaev B. *KĀrkem teksti lingvistikalıyq taldau*. – Almaty: Mektep, 1989. - 128 b. – kitap.

МРНТИ 17.07.41

Жүнісова М. Ә.¹, Касенов Е.С.²

^{1,2} *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

**ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ҚҰМАН ҚЫПШАҚТАРЫНЫҢ
ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІН ЗЕРТТЕУШІ**
(Профессор Әбжан Құрышжанұлының 90 жылдығына орай)

Аңдатпа

Мақалада ескі түркі тілдерінің маманы, қыпшақтанудың білгірі, профессор Әбжан Құрышжанұлының «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішін зерттеу еңбектері қарастырылып, құман қыпшақтарының тілінде жазылған жазба ескерткіш ретінде танылған мұралар лингвохронологиялық, соның ішінде библиографиялық аспектіде қарастырылды. Қыпшақтардың орта ғасырда қыпшақ бірлестігі ғана емес, мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болғанының ғылыми дәлелдері ғалымның әрбір еңбегінен көрініс тапқан. Түркі халықтарының этностық мәдениеті мен дүниетанымында қыпшақтану саласының қалыптасуына негіз болатын нақты тілдік фактілерді келтіре отырып жазған ғалымның ғылыми мақалалары мен ірі-ірі еңбектері осы саланың қазақтанудың орта ғасырдағы көрініс кейпін анықтауға негіз болады. Құман жазба ескерткішінің тілін зерделей келе, оның жиілік сөздігін құрастырып ұсынуы, ғылыми практикада басқа ескерткіштерді зерделеуде ерекше үлгі.

Түйін сөздер: лингвохронологиялық, библиографиялық аспект, қыпшақтану, құман қыпшақтары, қазақтану, жазба ескерткіш, тілдік факті

Zhunissova M.¹, Kasenov Y.²

^{1,2} *Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

**RESEARCHER OF THE WRITTEN MONUMENT
KUMAN KIPCHAK KAZAKH LINGUISTICS**
(The 90th anniversary of Professor Abzhan Kuryshzhanuly)

Abstract

In the article the writings of a specialist strutynskogo language expert kipchatova, Professor abana Kuryshzhanova study written monument "Code kumanikus", as well as the heritage monument written in the language of Kuman Kipchak, in lingvokulturologicheskome, including bibliographic aspect. Scientific evidence that Kipchaks in the middle ages had the status of not only the Kipchak Association, but also the state language, is reflected in every work of the scientist. Scientific articles and major works of the scientist, which set out specific linguistic facts that served as the basis for the formation of the sphere of Kipchak studies in the ethnic culture and worldview of the Turkic peoples, will serve as the basis for determining the medieval appearance of the Kazakhs. Studying a language Kuman - Kipchak writing monuments, it is a frequency dictionary, and represents a special case in scientific practice in the study of other monuments.

Keywords: linguochronological, bibliographic aspect, Kipchak studies, Cuman Kipchaks, Kazakh studies, writing, language fact